

Қазақстан Республикасының халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеу

Мемлекеттік орган	ҚР Ішкі істер министрлігі
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін: "Азаматтарға арналған үкіметі" Мемлекеттік корпорациясы, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы; 2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті беруші; 3) босқын мәртебесін алған шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.
Қызметті көрсету мерзімдері	30 (отыз) минут ішінде құжаттарды тапсырған сәттен бастап
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	1) жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін тұрғын үй иесінің (үй иесінің өзінің қатысуы міндетті) жеке басын куәландыратын құжаты және тұрақты не уақытша тіркеуге оның келісімі. 2) жеке басты сәйкестендіру үшін - жеке басты куәландыратын құжат (14 жасқа толған балалар - туу туралы куәлік және Қазақстан Республикасы азаматының паспорты (болған кезде). Республикадан тыс жерлерден тұрғылықты тұруға келген Қазақстан Республикасының азаматтары паспортын (паспортты жолғалтқан немесе қолдану мерзімі өткен жағдайда – қайтып оралу куәлігі), бұрын тұрған елінен есептен шыққанын растайтын құжатты не бұрын тұрған елінің құзыретті органы берген азаматтығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады. Бұрын тұрған елінен есептен шыққанын растайтын құжаты, азаматтығы жоқтығы туралы анықтама болмаған кезде, азамат бұрын тұрған елінен көрсетілген құжаттардың бірі сұратылған (алынған) кезеңге уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеледі Босқын мәртебесін алған шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар жоғарыдағы құжаттардың тізбесін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

Қызмет көрсету нәтижесі

Тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркеу мекенжайы туралы, ал уақытша тіркелген кезде – уақытша болатын мекенжайы туралы мәліметтерді "Халықты құжаттандыру және тіркеу" тіркеу пункті" ақпараттық жүйесіне (ХҚТ ТП АЖ) енгізуі. Портал арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі тұрғылықты жері бойынша тіркелген туралы хабарлама түрінде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

**Мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандарты**

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020192#z48>